

Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Қобда ауылы

№5

2023 жылғы 17 тамыз
сағ 10:00

Өткізілген орны: Аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Ж.З. Жиеналин – аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

Кеңес хатшысы: А.Ж. Қабақбаева

Кеңес отырысына қатысқан кеңес мүшелері:

1. Кереймағамбетов Н.Қ. – «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қобда аудандық филиалының төрағасы
2. Ерғалиев Ж.Қ. – аудандық мәслихат төрағасы
3. Қылышбаева Б.Ж. – ішкі саясат бөлімінің бас маманы
4. Темірбай А.К. – кәсіби медиатор, зейнеткер
5. Кустуртова М.Н. – аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы
6. Оразова А.А. – аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы

Кеңес отырысына қатыспаған кеңес мүшелері:

Қабылов А.С. Ақтөбе қаласына (іссапарда), Ещанова Н.А. (іссапарда), Сәрсенбай А.Қ. (қоныс аударды).

Шақырылғандар:

Қазиев Т.Б. – «QOBDA» аудандық газетінің редакторы

Күн тәртібі:

1. Полиция бөлімінің құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмысты болдырмау бағытында атқарған жұмысы туралы (регламент – 5-7 минут)

Баяндамашы:

Жұмағұлов Бердіқұл Нұржанұлы – жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы (регламент – 5-7 минут)

Баяндамашы:

Туреев Асхат Есаманұлы – аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру бөлімінің бас маманы

3. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің атқарған және атқарылатын жұмыстары туралы (регламент – 5-7 минут)

Баяндамашы:

Жұмағұлова Айгүл Төлегенқызы – аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

4. 2023 жылғы 8 маусымдағы №4 хаттамасы негізінде ұсынылған тапсырмалар бойынша ақпарат беру

Қабақбаева Ақерке Жанғабылқызы – кеңес хатшысы.

Тыңдалды:

1. Полиция бөлімінің құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмысты болдырмау бағытында атқарған жұмысы туралы жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов баяндама жасады (баяндама қосымша тіркелді).

Сұрақ-жауап:

Кеңес мүшесі: А. Темірбай:

- Аудандық полиция бойынша 8 ай бойынша қанша қылмыс ашылмай тұр және учаскелік инспекторлар қанша қылмыс ашты?

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- 11 учаскелік инспектор 1 қылмысты ашты.

Кеңес мүшесі: Н. Кереймағамбетов:

- Кадр жетіспеушілігіне байланысты оқу бітірген студенттерге сұраныс жіберіледі ме?

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- Кадр жөніндегі бастықтың орынбасарымен жыл басынан бастап жоспарға сәйкес оқу орындарында кездесулер өткізеді, кандидаттарды шақыру бойынша. Қосымша учаскелік инспекторлармен әскерден келген сарбаздарға да үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі.

Кеңес мүшесі: Н. Кереймағамбетов:

- Учаскелік инспекторларға хаттама толтыруға тапсырма бересіздер ме?

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- Өзіміздің тараптан көрсеткішті көтеру үшін жоспарлар беріледі.

Кеңес мүшесі: Н. Кереймағамбетов:

- Медиациямен байланысты қандай жұмыстар атқарылуда?

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- Азаматтардың арызы негізінде жедел әрекет ету біздің міндетіміз. Алайда тұрғындармен ағарту жұмыстарын жүргізгенде медиаторға жүгінуге болатыны жөнінде түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамыз.

Кеңес мүшесі А. Уразова:

- Ауылдағы парктерді, қоғамдық орындарды полиция инспекторлары бақылауда ұстайды ма? Әсіресе, түнгі уақыттарда?

Екінші сұрағым: жаяу жүргіншілер жолағын (пешеходный переход) жол полициясы қадағалайды ма? Себебі соңғы уақытта қатты жылдамдықпен жүретін жүргізушілер көбейіп кетті.

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- Бұл сұрағыңызды ұсыныс ретінде қабылдайын, себебі бұл лауазымға келгеніме тек бір апта болғандықтан нақты жауап айта алмаймын, алайда қоғамдық бақылау полиция бөлімінің тарапынан әрқашан да жүргізіліп отырады. Бұл ұсынысты алдағы уақытта да қатаң қадағалауға алып, тиісті тапсырмалар береміз.

Кеңес мүшесі Б. Қылышбаева:

- Өздеріңіз білетіндей әр ауылда ауыл тұрғындарының whatsapp чаттары бар. Мысалы, Әлия, И. Білтабанов, Бесқұдық ауылдарында тұрғындар малдарды көшеден көрсе суретке түсіріп алып, чаттарға жіберіп отырады. Чатта отырған учаскелік инспекторлар міндетті түрде кері байланысқа шығып жауап жазып отырады. Ал Қобда ауылының өзінде де ауыл тұрғындарының ішінде де 13 чат бар. Сол чатта да тұрғындар сурет жіберіп, қадағалауға алуды ұсынып жатырса да учаскелік инспектор мысалы Д. Ибраев, тағы да 1-2 учаскелік инспекторлар кері байланысқа шықпайды. Сол жағынан қадағалау болса. Және де бір ұсынысым бар Астана мен Алматы көшелерімен Әкімжанов қиылысында кемінде әр үйде екі баладан бар, автокөліктер қатты жылдамдықпен жүреді, сол жердің тұрғындары жатын тосқауыл (лежачий полицейский) салдыру үшін қайда баруға болады деген сұрақтар қойып еді.

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Б.Н. Жұмағұлов:

- Ол сұрақ бойынша полиция бөліміне немесе аудан әкімдігіне хат жазуға болады. Арнайы ережелері бар, кез келген жерге қоюға рұқсат берілмейді.

Кеңес мүшесі Б. Қылышбаева:

- Алдағы уақытта әлеуметтік желіге жауапты маманды белгілеп сол бағытта да жұмыс жүргізсеңіздер, себебі сіздердің әлеуметтік инста парақшаны ашып қараса көбінесе тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы, жолда қабылдау акциясы тақырыптарында ғана жариялымдар шығады. Ұсыныс: осы баяндамаңызды, сонымен қатар тағы да бөлім бойынша жасалып жатқан жұмыстарды әлеуметтік желілерде жариялап көрсетулеріңізді сұраймын.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру бөлімінің бас маманы **Туреев Асхат Есаманұлы** баяндады (баяндама қосымша тіркелді).

Сұрақ-жауап:

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов:

- Сервистік әкімшілік жұмыс жасайды ма?

Аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру бөлімінің бас маманы А. Туреев:

- Иә. Алайда, бүгінгі таңға маман басқа жұмысқа ауысты. Сондықтан, бізге маман қажет болып отыр.

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов:

- Тұрғындар тарапынан негізі көбінесе қандай сұрақтармен келеді? Арыз қабылдай ма?

Аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру бөлімінің бас маманы А. Туреев:

- Көбінесе электронды цифрлы кілт және әр түрлі анықтамалар алу үшін жүгінеді.

Жоқ, арыз қабылданбайды. Ол үшін басқа бағдарламалар бар.

3. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің атқарған және атқарылатын жұмыстары туралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова баяндады.

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов:

- Бөлімге қарастырылған қаражат игеріле ме?

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- Иә әрине игеріледі. Барлық қаражат мемлекеттік сатып алу порталы арқылы игеріледі.

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов:

- «Мемлекеттік тіл туралы» Заңға байланысты сіздің бөлімнің маманы Айнагүл жұмыс жасап жүргенін көріп жүрміз. Ал, енді мекемелерде мемлекеттік тілді пайдалануы қанша пайызды құрап отыр?

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- Бізде құжат айналымы мониторингі бар, тоқсан сайын есеп алынады. Пайызбен есептегенде 99-100 %-ға жетіп отыр.

Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев:

- Сарбұлақтағы 35 миллион ол газға бөлінген қаржы ма?

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- Бұл қаражат жұмыстары күрделі жөндеу бойынша. «Ақтөбе Сәт» компаниясы күрделі жөндеуді 32 миллионға ұтып алды, үнемдеген қаржыны кейін қайтарды. Ал, газ мәселесі бойынша аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі конкурс жариялап отыр.

Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев:

- Терісаққан бойынша не болып жатыр?

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жоба жасап жатыр.

Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев:

- Бұл ұят жағдай. Қанша жыл болды Сарбұлаққа газ кіргеніне, мектепте жоқ, клубта жоқ. Терісаққанда жоқ.

Кеңес мүшесі М. Кустуртова:

- Құрметті әріптестер, бюджеттің қаражаты болғасын оны жоспарлау керек, білім саласы облыстық бюджетте, ал Терісаққандағы клуб, әкімшілік, Жанаталаптағы кітапхана, Жарсайдағы клуб жергілікті бюджеттен, яғни жылдың басында жобалық-сметалық құжатқа бөлінді. Енді жоба жасаушылар енді бастап жатыр. Сондықтан газ мекемелерге келесі жылы кіреді деп жоспарлануда.

Кеңес мүшесі А. Темірбай:

- Менің пікірім: аудандық мәдениет бөлімінің атқарып жатқан жұмыстары да зор. Мысалы, апта сайын концерттік шаралар өтіп жатыр, облыстық, республикалық байқаулардан жүлделі орындарға ие болуда. Сондықтан атқарылып жатқан жұмыстарды да жоққа шығаруға болмайды. Ауыл тұрғыны, кеңес мүшесі ретінде рақмет айтқым келеді.

Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:

- Ақылы қызмет көрсету қалай жүзеге асырылады?

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- Концерттер, кинофильмдер көрсетіледі, киімдер жалға беріледі.

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов:

- Ауылдық жерлерде кітапханалардың жұмысын қолға алу керек. Батырлар мекені болғандықтан жасалатын жұмыстар көп. Және де ономастикалық комиссия бойынша айта кететін болсам, мектептегі тарихшылармен байланысып жоғары жаққа ұсыныстар түсірсе.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Жумагулова:

- Комиссияға құжат тапсырғанда барлық дәлелмен тапсырамыз, дәлелсіз қабылдамайды да.

Қобда аудандық Қоғамдық Кеңесінің ҰСЫНЫСЫ:

1. Кеңес тарапынан аудан әкімінің орынбасарларына көтерілген мәселелер бойынша хат жолдау: Сарбұлақ, Терісаққан, Жарсай, Жанаталап ауылдарындағы нысандарды газға қосу туралы.
2. Келесі отырыста халық тарапынан қойылған сұрақтарды талқылау, яғни әр чаттарда қоғамдық сұрақтарды жинақтап ортаға салу.
3. Кеңес мүшелері қысқы мал азығының бағаларын қадағалау жұмыстарын жүргізу;
4. Кеңес мүшелері азық-түлік дүкендеріне баға тұрақтылығы бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізу;

Төраға



Ж. Жиеналин


Хатшы



А. Қабақбаева

Баспалған көп
Аңызак аяз ақпанда,
Қалмасын өрп
Таймаған желдің өтінен

«АЙША» КОМПЬЮ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕ



Компьюте
рын меңгері
ның қызы. Н
на ие жаңа (т
меңгерген с
туді жөн көр
Алдағы уе
дамытып, же
дыққа қызме
рғанын айта
қызмет пай
сапалы өріз

Көсіпкөрлік нысанын қолға алған
Мейрамгүл Демесинаова.

Керева Аижан Изтургановна – президенттің кеңесшісі
Дошаева Алия Абдулқаимовна - заместитель председателя
Кабдуалиев Ақылжан Исамкаирович - секретарь

Члены комиссии

Бабилон Аскар Туякович
Сапакова Алия Карптағанбетовна

Участковая избирательная комиссия №432

Местонахождение участковой избирательной комиссии:

село Қанай, улица Куанышша Бикеева, 10.
здание Канайского медицинского пункта ГКП на ПХВ «Кобдинская
районная больница» телефон: 8(71341)72-1-03

Елеусинов, Галел Урумбаасарович – председатель
Сисенов, Жандос Жанабильгенович - заместитель председателя
Аманшина Майра Махжитовна - секретарь

Члены комиссии

Байниязов Бесбай
Мухашов Қосай Ерікұлы

Жобабекова Марина Қуанышевна – секретарь
Члены комиссии

Исатаева Базаргүл Қолжасаровна
Кандыбова Динара Давлетбаевна
Жанабаев Кайрат Нурбекович
Шхат Нұрбол Етегенұлы

Участковая избирательная комиссия №430

Местонахождение участковой избирательной комиссии:

село Жарык, улица Астана, 7.
здание ГКП «Жарыкский сельский клуб»
телефон: 8(71341) 72-1-02

Танышқунов Максим Миндгалаевич - председатель
Джалиева Жадыра Орынғалиқызы - заместитель председателя
Бесмағанбетова Қапалаша Мурзагуловна - секретарь

Члены комиссии

Садақов Жаксығали Баянович
Демесинаова Ақтолықын Табынбаевна



ҚЫЛМЫС КӨЛЕМІ ПАЙЫЗГА АЗАЙДЫ

Қоғамдық кеңеске тағы бір арқау болған маңызды мәселе ол мәдениет және тілдерді дамыту теңгерілген мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастышы Айгүл Жұмагулованың баяндамасы еді. Ол осы жылы Сарбулақ ауылдық клубына 35 миллионға күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқандығын айтып жеткізді. Өткізілген мәдени көпшілік шаралар, байқаулар туралы айтты. Кеңес мүшелері мәдени нысандарды тезірек газ желісіне қосу керектігіне назар аударды. Қобдалық тұлғаларға кеше аттарын беру жөніндегі жұмыстарды кеңірек жүргізе деген пікірлерін алға тартты.

Мемлекеттік қызмет көрсетуші түрлерін онлаин форматқа көшіру, сөрвистік екімдіктердің жұмысы теңгерілген аудан екімі аппараты мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасын бақылау бөлімінің бастышы Асхат Тұраевтың хабарламасы тыңдалды.

Талғат Бағыбөргенұлы.



тілі болды. Оның айтуынша жол патрульдік полициясы 799 екімшілік хаттама топтырған.

Кеңес мүшелері ашылған қылмыстың төмендігін алға тартып, жұмысты жандандыру керектігін ескертті. Жол белгілерін орнату, иесіз малдарды реттеу жөнінде ұсыныстарды ортаға салды.

Аудан бойынша жасалған қылмыстың көлемі 28 бірлікті құрап, өткен жылғымен салыстырғанда 34 пайызға кеміп отыр. Ал жол апатының саны екі есе өскен. Осы жөне өзге ақпараттар Қобда полиция бөлімі жергілікті полиция бөлімшесінің бастышы Бердіғұл Жұмагуловтың қоғамдық кеңес алдында берген есебінен бел-

*«Дуғанғұлу» "Qobda" газеті
№33 (жолд) 14.08.2023 жыл*